


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY FACULTY OF PHILOLOGY



АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ – 2024
“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”
академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық,
Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-практикалық конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана қаласы

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ

REPUBLIC OF KAZAKHSTAN MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
FACULTY OF PHILOLOGY

АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ОҚУЛАРЫ -2024

“ТІЛТАНУДАҒЫ ТҰЛҒАЛАР”

**академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың
100 жылдық мерейтойларына арналған
халықаралық ғылыми-теориялық конференция**

МАТЕРИАЛДАРЫ

Akhmet Baytursynuly Readings -2024

PROCEEDINGS

**of the international scientific and theoretical conference
dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar,
Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev**

Астана қаласы

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2
А 11

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
ғылыми кеңесі ұсынған.

Редакция алқасын басқарған: **Е.Б.Сыдықов**

Редакция алқасы: **А. Бейсенбай, С. Дүйсенғазы, Ж. Жақыпов, Қ. Бибеков,
Н. Аитова** (дәстүрлі “А. Байтұрсынұлы оқуларының” үйлестірушісі), **Қ. Сарекенова,
С. Жанжігітов**

А. А. Байтұрсынұлы оқулары – 2024. “Тілтанудағы тұлғалар” академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024. – 277 б.

Akhmet Baytursynuly Readings – 2024. Proceedings of the international scientific and theoretical conference dedicated to the 100th anniversary of Academicians Abduali Qaydar, Rabiga Syzdyq and Shora Sarybayev.

ISBN 978-601-385-038-2

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілетін дәстүрлі “Ахмет Байтұрсынұлы оқулары” халықаралық ғылыми-теориялық конференциясы 2024 жылы “Тілтанудағы тұлғалар” тақырыбында академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбиға Сыздық, Шора Сарыбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналды. Мақалалардың мазмұны мен құрылымына авторлар жауапты, жинаққа енген материалдар авторлық редакцияда жарияланды.

ISBN 978-601-385-038-2

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2

© Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2024
© Қазақ тіл білімі кафедрасы, 2024

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	3
----------------	---

ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС

Құрманбайұлы Ш. Ғибрат мектебі.....	4
Ескеева М.Қ. Академик Әбдуәли Қайдардың ғылыми әлемі	7
Mustafa Öner. Tarihî Gramer ve Kazakça (Тарихи грамматика және қазақ тілі).....	10
Сағидолда Г. Академик Р.Сыздықдың ғылыми мұралары.....	15
Малбақов М.М. Ұлылардан қалған өнеге.....	19
İbrahimov E. Müstəqillik sonrası Türk Respublikalarında dil siyasətinin əsas istiqamətləri	21
Юсупова Ә.Ш. XIX ғасыр татар теленең икетелле сүзлекләре.....	23
Хусаинова Л.М. Становление башкирского литературного языка и письменности.....	30
Нажимов П.А. Әбдиүәлий Қайдар хәм түркий тиллериниң этнолингвистика илими	35

1-СЕКЦИЯ.

ҚАЗІРГІ ТІЛ БІЛІМІНІҢ ДАМУ ҮРДІСІ ЖӘНЕ ТҮРКІТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Abbasova S. The Main Features of Sound Replacement in Modern Linguistics	38
Абеннова П.Ғ. Туризм дискурсындағы код ауыстыру.....	40
Аитова Н.Н. Академик Р.Сыздықтың «Сөз құдіреті» (корпустық анализ)	46
Балтабай Д.Ә. “Шежіре-и теракиме” еңбегінде кездесетін тілдік бірліктердің этимологиялық сипаты.....	60
Амирова А. Қазақ және ағылшын паремияларындағы «Отан» концептісінің семантикалық жіктелімі.....	64
Абилмажинова А. Мейрам-той атауларының зерттелуі (отандық, шетелдік ғалымдардың еңбектері бойынша).....	68
Asgarova K. Analysis of the Vocabulary of the Language by Word Fields	73
Ахмет А. Қазіргі қазақ тіліндегі будан терминдердің қалыптасуы мен дамуы.	74
Ахметова М., Рахмет Ү.Ү. Қар лексемасы: этномәдени талдау.....	79
Әбдуәлиұлы Б. А. Байтұрсынұлы қолданысындағы жалпыхалықтық лексиканың терминдену үдерісі.....	83
Бибекөв Қ. Р.Сыздық және Абай тіліндегі мәтін түзу мәселесінің зерттелуі	87
Бұқарбай М. Қазақ тіліндегі бас киім атауларының семантикалық сипаты	91
Данияр Ә.А. Материалдық емес мәдени мұраның тілдік көрінісі: субъект, объект, адресат («Бабырнама» еңбегі бойынша).....	94
Ермекбаева М. Мақал-мәтелдер лингвомәдениеттанудың зерттеу нысаны ретінде.....	98
Исмоилов Б.Х. Юсуф Саккокийнинг «Мифтоху-л улум» асарида фасл, васл, ийжоз ва итнобга оид ҳолатлар тафсилоти.....	103
Кабаева А.А. Олжас Сулейменов: тюркославистика и культурный код	107
Кемельбекова Э. Қазақ тіліндегі қолданбалы геометрия терминдерінің зерттелуі	111
Керимбаева К. Байлық-кедейлік бинарлық оппозициясы: Қазақ және ағылшын тілдеріндегі мәдени-танымдық ерекшеліктері.....	117

Кыйсыкова А. Саяси дискурстағы терминдер мен ұғымдар	120
Куанышев А.С. Аспан әлемі: Әбдуәли Қайдаровтың тілдік және ғылыми жіктеуі.....	123
Молдабай Ф.Ж. «Ақиқат сыйы» дастанындағы синонимдер	126
Наушабекова Г.А. Академик Әбдуәли Қайдар тіл білімінің көрнекті өкілі, түркітанушы ғалым.....	129
Ниятова Ш.С., Тунгушбаева Ғ.Ж. Тіл білімінде тілдік тұлғаның зерттелуі.....	131
Тәттібаева А.Е. Дискурстың құрылымы мен типологиясы.....	136
Темірхан А. Метафораның тілдегі орны мен мәні.....	140
Тоқтасынова Д.Ғ. «Қорқыт ата кітабындағы» қарым-қатынас етістіктері: «Дирсеханұлы Бұқаш туралы жыр».....	141
Sharibzhanova G., Moldabaeva K. Dual function of the affixes -dai (-dey); -sy, (-ci)	149
Сергазина Ж.Ж., Толепбергенова Ф. Дискурс: Актуальные направления и перспективы исследований.....	153

2-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИ ТІЛІ, СТИЛИСТИКА ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Абдуова Б. Рәбиға Сыздық – тіл мәдениетінің саңлағы.....	157
Абдиров Ө.Қ. Қазақ тіліндегі гендерлік антипаремиялар: instagram контентінің ерекшелігі	161
Аканова А.И. Мифологиялық демонимдер.....	166
Allamuratova Z. M. Qaraqalpaq ádebiyatı ham tuwısqan xalıqlar ádebiyatında tariyxıy prozanıń ornı	169
Демесинова А.А. «Ер Төстік» ертегісінің қазіргі қазақ фэнтезиіне әсері	172
Жанболат Ә.Ж. Батырлар жырының бастауы мен зерттелу тарихы	175
Жүнісқали Ә.Қ. Қазақ қиял-ғажайып ертегілеріндегі этномәдени коннотация («Шора батыр» ертегісі бойынша).....	178
Койчуманова Г.К., Максүтова Г.А. Кыргыз поэзиясындағы улуттук идеология жана инсан дүйнөсү	183
Пирниязова А.Қ. Көркем шығарма тилин үйрениуден лингвопоэтикаға қарай.....	189
Тұрысбек Р.С. Абай мұрасы Р.Сыздық еңбектерінде	192
Raximboyeva X.G. Developing dependency parcing datasets for Uzbek: Challenges and achievements.....	198
Сағиданова Г.А. “Барак батыр” жырындағы синтаксистік қайталамалар	200
Серік М.А. Қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту.....	203

3-СЕКЦИЯ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Баймуханбетова М.Б. Т.Шонанұлының тіл үйрету мәселесі.....	208
Дүсіпбаева Қ.С. Креативті коммуникациядағы нейролингвистиканың рөлі.....	211
Аренова Ж.С. Ахмет Байтұрсынұлының педагогикалық мұралары және оның тәлімдік мүмкіндіктері	214
Ергешбай Н.Б. Ұлттық құндылықтарды оқытудың маңызы.....	217
Еркін А. Ұлттық құндылықтар мәселесін әдебиет сабағында оқытудың негізін қалаушылар	221

Жайлауова Г.Ү., Аубакирова Н.Ү. Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін салушы.....	227
Жанжигитов С.Ж., Мәмиева Б. Language competence: content and structure	232
Капшаева Г.А. А.Байтұрсынұлы әдістерін коммуникативті дағдыларды дамытуда қолдану	239
Курманова А.К. Қазақ тілін оқытудың қатысымдық технологиясы	241
Куркебаев К.К., Стамкулова Ж.Е. Қашықтан оқытудағы қазақ тілі сабақтарының құрылымы мен ұйымдастыру әдістемесі	246
Усенова Ш.Н. Анализ текстов в СМИ, связанных с пандемией.....	251
Қасымқұл Ф. Мектеп оқулықтарындағы мәтіндердің тақырыптық типтері	253
Қуанышбаева Н.А. Қазақ тілін оқытуда дамыта оқыту технологиясын тиімді пайдалану	258
Саткенова Ж., Серікқызы Ж. Сандық коммуникациядағы қазақ тілі	262
Сырбаева С. Қазақ тілі мен әдебиеті – ұлттық руханият пен мәдениеттің дінгегі.....	265
Шоқабаева С.С. Алаш зиялыларының әдістеме бойынша еңбектері	268
Fatima Hajizada Elshan. Linguistic Distinctions Between American and British English.....	271

4. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы: «Дәуір», 2011. – 752 бет.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі 6-том. – Алматы: «Дәуір», 2011. – 752 бет.

Қ.Т. Бибеков

*филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің кафедра меңг.,
Қазақстан, Астана қ.*

Аннотация. В статье рассматриваются особенности языка произведений Абая и его отличие от языка произведений устного народного творчества. На основе научных воззрений ученых анализируется характер стихов Абая как эстетико-стилистического контекста. Показана научная значимость работ академика Р. Сыздык в изучении языка произведений Абая, проблемы текстообразования.

Abstract. The article examines the features of the language of Abai's works and its difference from the language of works of oral folk art. Based on the scientific views of scientists, the nature of Abai's poems as an aesthetic and stylistic context is analyzed. The scientific significance of the works of Academician R. Syzdyk in the study of the language of Abai's works, the problems of text formation is shown.

Абай көркем өнер ретінде поэзия қандай болу керек деген мәселені де өз өлеңдерінде жеріне жеткізе айтып кетеді. Абайдың «Өлең - сөздің патшасы, сөз сарасы», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» сияқты туындыларын көркем шығарма ретінде ғана емес, өлең сөздің теориясы деп тануға әбден болады.

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,
Қиыннан қиыстырар ер данасы.
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.
Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.

Осы жолдарда өлеңнің көркемдігіне, тіліне қойылатын негізгі талаптар айтылған. Ақынның «Теп-тегіс жұмыр келсін» деп отырғаны өлең мәтінінің өлшемге сай құрылуы ғана емес, құрылымдық жақтан да, мағыналық жақтан да тілдік құралдардың өзара үндесіп, үйлесіп, шашау шықпай, жұмырланып, тұтасып тұруы екені күмәнсіз. Абай әсіресе өлеңнің «Бөтен сөзбен былғануын» кешірмейді. Бұл айтылған жайлар мәтін түзу мәселесімен тікелей байланысты.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «1903-ші жылы қолыма Абай сөздері жазылған дәптер түсті. Оқып қарасам, басқа ақындардың сөзіндей емес. Олар сөзінен басқалығы сонша, әуелгі кезде жатырқап, көпке дейін тосаңсып отырасың. Сөз аз, мағынасы көп, терең. Бұрын естімеген адам шапшаң оқып шықсаң, азына түсініп, көбінің мағынасына жете алмай қалады. Кей сөздерін, ойланып дағдыланған адам болмаса, мың қайтара оқыса да түсіне алмайды. Не мағынада айтылғанын біреу баяндап ұқтырғанда ғана біледі.

Сондықтан Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр екені рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан болған кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік,»[1,2176] – деп, Абай тілінің өз дәуірінде басқа ақындар тілінен түбегейлі ерекшелігі болғанын атап көрсетеді.

Осы ретте профессор Құдайберген Жұбановтың: «Қазақ әдебиетін ауыз әдебиеті дәрежесінен шығарып, неше мың жылдай көңігіп, етке, қанға сіңіп болған ескі ауыз әдебиет дағдысынан құтқарған адам – Абай. Ескі ауыз әдебиетіндегі артық қыстырмалардан алғаш тазартқан да Абай.

Абай сынаған “қазақтың ұзын сөзділігі”, “ескі бидің сөз қосарлап, бос мақалдайтындығы”, “ескі ақынның жоқтан қармап, көр-жерді өлең қылатындығы” дегендер – осы басы артық, қыстырынды әңгімелер болатын. Абай сөзінің “қиюынан қыл өтпейтін” ықшам, тығыз болатыны да осы басы артықтан аман болғаннан келетін-ді,»[2,2676] – деген пікірін елеусіз қалдыруға болмайды. Ғалым жазба әдебиетінің негізін салушы ретіндегі Абай

тілінің ауыз әдебиет тілінен басты ерекшеліктерін дәл көрсетіп, саралап береді. Өз шығармашылығы арқылы Абай қазақ әдеби тілін жаңа сапалық деңгейге көтерді.

Қазақ филологиясында мәтін түзудің теориялық мәселелеріне тереңдеп бара қойған жоқпыз десек те болады. Дегенмен бұл мәтін түзу туралы ойларды жекелеген ғалымдарымыздың еңбектерінен ұшырастырып қаламыз. «Абайдың сөз өрнегі» атты монографиясында профессор Р.Сыздық бұл мәселеге арнайы тарау бөліп, мынадай пікір айтады: «Текст түзілісінің өзіне тән шарттары болады. Кез келген көркем шығармада немесе оның кез келген тұсында текст түзіле бермейді. Қазақ көркем сөзінде текст түзудің айқын көрінісі Абай өлеңдерінен басталады деуге болады. Текст түзілісінің бір белгісі – шығарманың бір бөлігінде немесе бір өлеңнің өн бойында мағыналары бірін-бірі айқындайтын, модальдық реңкі біртектес сөздерді шоғырлап беру. Модальдық реңк дегеніміз сөйлеушінің (жазушының, ақынның) айтылған ойға жағымды, жағымсыз көзқарасын білдіретін мағыналық реңк...»[3,746]. Ғалым мәтін ішіндегі сөздер, тілдік тұлғалар қалай болса, солай алына салмай бір стильдік мақсатқа қызмет ететіндей таңдалып алынатынына назар аудартып тұр.

Эстетикалық құрылымға ие көркем мәтінде басы артық бірде-бір сөз, бірде-бір тұлға болмауы тиіс. Тілдік тұлғалар бір-бірімен тығыз астаса келіп көркемдік мақсатқа қызмет етіп тұруы керек. Әрине, бұл айтылғандар суреткердің шеберлігіне, өресіне байланысты болады.

Абайдың тілі дегенде адамның ой-сезіміне, ақыл-санасына, жан-дүниесіне бірдей әсер ететіндей экспрессивті-бейнелілігін айтамыз. Абай тілдік құралдарды жан сезімін, көңіл ауанын, ой-арманын жүрегінің лүпілімен, ыстық демімен, қуаныш-қайғысымен, өмірді барлық бояуымен, құбылып толқуымен аудармай дәлме-дәл беретіндей эстетикалық-стилистикалық мәнмәтін ретінде ұйымдастыра білген. Мысалы,

Кейде есер көңіл құрғырың,
Махаббат іздеп талпынар.
Ішем деп бейнет сусынын,
Асау жүрек алқынар.

Тартқан бейнет, өткен жас,
Жүректің отын сөндірмес.
Махаббат - өмір көркі рас,
Өлген соң ол да үндемес.

Осы екі шумақта өлеңнің негізгі мазмұнына қатысы жоқ сөзді ұшырата алмаймыз. Бірде-бір сөзді алып тастау, орнын басқа сөзбен алмастыру еш мүмкін емес. Өлең мәтіні біртұтас стилистикалық кешен ретінде құрылған. Ақынның өлеңдегі айтар ойының негізгі түйіні, осы екі шумақтың стилистикалық діңгегі – «Махаббат – өмір көркі рас». Өйткені осы жол өлеңнің экспрессивті-эмоционалды бояуын, сипатын анықтап береді. Шағын үзіндіде тек Абайда ғана кездесетін есер көңіл, бейнет сусыны, асау жүрек, жүректің оты сияқты тіркестерді көреміз. Бірақ олар одағайлап тұрған жоқ, әсем үйлесіп, көркем бейнелі тіркеске айналып кеткен. Абайға тән шығармашылық көркем мәнмәтіннің ерекшелігі де осында жатыр. Сөздік қорда экспрессивтік бояуы әр түрлі болып келетін сөздер шығармашылық мәнмәтінде бірыңғай реңкке енгендей әсер береді. Дәлірек айтқанда «Махаббат – өмір көркі рас» жолының жағымды экспрессивті-эмоционалды шуағы есер, құрғыр, бейнет сөздерінің жағымсыз экспрессивті тонын жібітіп жібереді.

Ақынның қай өлеңін алсақ та, ондағы тілдік құралдар ортақ көркемдік мақсатқа қызмет етіп тұрады. Айтқанымыз дәлелді болу үшін мына бір шағын үзіндіге талдау жасап көрейік:

Мал мен бақтың дұшпаны,
Кеселді пысық көбейді,
Күшік иттей үріп жүр,
Кісіден кеммін демейді.
Қу тілменен құтыртып,
Кетер бір күн отыртып,
Қызмет қылған кісісін

Кұртуға таяйды.
Қылып жүрген өнері:
Харекеті - әрекет.
Өзі оңбаған антұрған
Кімге ойлайды берекет?

Осы өлең жолдарында дұшпан, кеселді, күшік иттей үру, қу, құтырту, құрту, оңбаған, антұрған сөздері әр түрлі сөз таптарына жататындығына қарамастан, бірыңғай жағымсыз экспрессивті-эмоционалды мағынаға ие екенін көреміз. Сол арқылы ақынның өзі айтып отырған мәселеге теріс көзқарасын танимыз. Әрине, ол сөздер оқшау-оқшау қалмайды, өзара селбесе келіп, мәтіндегі өзге сөздерге де әсер етіп, сөйлеуші бағасын білдіруде ғана емес, тыңдаушы пікірін қалыптастыруда да біртұтас эстетикалық құрылым ретінде көрінеді. Сондай-ақ әрбір сөз мәтін талап етіп тұрған мағыналық-стильдік жүкті арқалайтын болады. Соның нәтижесінде сөз «деформацияланып», мағыналық құрылымында бірқатар қайта құрулар жүріп өткен. Сөздің лексикалық мағынасының негізін құрайтын заттық мағына екінші қатарға жылжып, сигнификаттық, коннотативтік бөліктері маңызды орынға шығуы мүмкін. Дұшпан сөзі заттық мағынада қас, жау сөздерімен синоним болады. Өлең жолдарында «Мал мен бақтың дұшпаны» деп қолданылғанда дұшпан сөзінің заттық мағынасы көмескіленіп, керісінше, жағымсыз экспрессия барынша айқындала түскен. Тура мағынасында адамдар бір-біріне дұшпан болады, малға, баққа дұшпан болмайды. Бір жағынан, дұшпан сөзінің лексикалық мағынасының өзегі құртушы, жоюшы деген сияқты ұғымдарға жылысқанын көреміз. Бұл ұғым, негізгі болмағанымен, дұшпан сөзінің лексикалық мағына құрылымында бар. Екінші жағынан, мал, бақ сөздерінің мағынасы метонимия жолымен ауысқан. Толықтырып айтқанда, малы мен бағы бар адамның дұшпаны. Бірақ ақын осылайша толықтырып айтса, сөздер бейнелілік қасиетінен айырылып қалар еді. Осы өлеңде сипатталушы субъектіні пысық сөзі білдірген. Ол тура мағынасында ширақ, еті тірі ұғымында жұмсалады. Өлеңде пысық сөзі басқа сөздермен тіркесу арқылы қосымша мағыналық реңктерге ие болады. Мал мен бақтың дұшпаны тіркесі пысық сөзінің күрделі эпитеті болса, кеселді сын есімі де эпитет ретінде жағымсыз экспрессия үстеуге өз үлестерін қосқан. Кеселді сөзінің мағынасы кесепатты, залалды екені мәлім. Сондай-ақ Күшік иттей үріп жүр теңеулік құрылымының да сипатталушы мүшесі – пысық. Теңеудің образы – күшік ит, теңеудің негізі – үріп жүр сипатталушы мүшеге қатысты алғанда ауыспалы мағынада келгендіктен метафоралық теңеу болады. Осы теңеу арқылы пысықтың берекесіз, шамасын білмейтін, еш нәрсенің байыбына бармайтын, шатаққор деген сияқты тағы бір қыры ашылады. Қу тілменен құтырту дегенде құтырту желіктіру, есірту, елірту ұғымын береді. Сол арқылы пысықтың айлакер, қу, сұм екендігі аян болады. Отырту өзгелік етіс тұлғалы етістігіне келер болсақ, жалпыхалықтық тілдік қолданыста отырғызу түрінде келеді. Отырту деп жұмсалуды тек ұйқас жасау қажеттігінен тумаған сияқты. Қу тілменен құтыртып, Кетер бір күн отыртып деп келгенде, отырту сөзінің мағынасы алдап кету екені белгілі болып тұрады. Бұл - отырту сөзінің тура мағынасы емес, Тақырға отырғызып кету деген тұрақты сөз тіркесіндегі фразеологиялық байлаулы мағынасы. Мәтіндегі сөздердің әсерінен осы мағынасы жанданып, отырту сөзі ерекше экспрессивтілікке айналған. Сол сияқты Харекеті - әрекет қолданысы да көңіл аудартады. Бұлар арап-парсы тілінен енген бір ғана кірме сөздің дыбыстық варианттары бола тұра, мәтіндегі басқа сөздердің ықпалына түсіп, мағыналық дифференциацияға ұшырағанын көреміз. Харекет - кәсіп, шаруа, әрекет – айла-шарғы, қулық ұғымдарын білдірген. Сонымен қатар Харекеті - әрекет деп қосарланып келуі арқылы тынышсыздық, мазасыздық сияқты ұғым қоса бой көрсетіп, жағымсыз көзқарас та аңғарылып қалады. Өлеңде тілдік құралдар қатаң өлшемге құрылып барынша сығымдалған сайын, көркемдік қуаты еселеніп, мазмұн жағынан ұлғая түсетіндей. Ақынның шығармашылық ойы логика-семантикалық байланыстарды ширата отырып, тосын тіркестер арқылы сөзді ойната, құбылта қолданып, көп қырлы, сан салалы байланыстар нәтижесінде мағыналық құрылымы ұлғаяды. Мәтіндегі сөздер бір-біріне иек сүйей отырып мағыналық сыйымдылығы артады. Ақын контекстінде сөздің жаңа мағынаға ие болуы, мағыналық сыйымдылығының артуы тілдік жүйеге, оның заңдылықтарына

қатыссыз, мүлде дербес құбылыс емес. Тілдің жүйесінде оның одан ары қарай дамуына, үздіксіз жетіле беруіне жағдай тудыратын алғы шарттар, потенциалды мүмкіндіктер механизмі, заңдылықтар бар екендігі даусыз. Сөз зергері сұңғылалықпен тілдің даму логикасын сезіне отырып, оның әншейінде қарапайым көпке табыла бермес құпия қоймаларының кілтін қолға алады. Шеберлікпен өңдей отырып, сөз маржанына айналдырады. Бұл ретте ақын шеберлігін, шынында да, зергермен салыстыруға болады. Қандай зергер болса да, алтынды, асыл тасты, алмасты өзі жасай алмайды, табиғаттан тауып, өңдеп, зерлейді. Зергер сиқыры асылға жаңа қасиет бітіруінде емес, қайта оның табиғи қасиеттерін дұрыс байқап, оған нұқсан келтірмей, қаншалықты шеберлікпен өңдей білуінде болса керек. Суреткер де солай, жаңа сөз, жаңа образ жасағанның өзінде, ол тілдің ішкі қуатынан, заңдылықтарынан өрбіп жатпаса, ақылға қонбайтындай қисынсыз болып шығар еді. Профессор Х.Х. Махмудовтың мына бір пікірі ойымызды бекіте түседі деп ойлаймыз: «Тіл жазушының құзырында «поэтикалық» деп саналатын белгілі бір сөздік, грамматикалық нормалар, қандай да бір тілдік құрал түріндегі дайын материал емес. Тілде дербес, нақты ойды білдіру қасиетінің объективті бастауы ғана емес, сонымен бірге дербес, нақты қабылдану қасиетінің де бастауы бар»[4,162 б].

Абайға дейінгі қазақ поэзиясында мәтіндегі тілдік құралдардың бәрінің тегіс бір көркемдік-стильдік мақсатқа жұмылдырылып, эстетикалық бүтіннің ажырамас бөлшегіне айналуы кездесе қоймайды. Абайға дейінгі қазақ поэзиясын шолып қарағанда, көрнекті ақын Дулат Бабатайұлының басқалардан ерекшеленіп тұратыны бірден байқалады. Дулат пен Абай әлеуметтік тақырыптарды жырлауда көп ретте үндестік тауып жатады. Профессор Р.Сыздық: «Қазақтың жазба поэзиясының алғашқы нышандары Дулат өлеңдерінен көрінеді. Іргетасты қалаған Абай болса, соны қалау кезеңі туғандығын, қалайша қалаудың алғашқы үлгісін көрсеткен Дулат деп айтуға әбден болады,»[5,582 б] – деп әділ бағасын берген еді. Тілі көркем, мазмұны терең түйдектер Дулатта да бар. Мысалы,

Саудагер сарттай қайтты өмір
Құмар ойнап ұтылған.
Мөңіреп жұртқа ой қайтты,
Бұзауы өлген сиырдай.
Ләпсі – төбет қабаған,
Жемтік көрсе тұра ма,
Ырылдап танау жиырмай?
Өзімнен-өзім қызғанып,
Азын-аулақ жиғаным,
Өзіме де бұйырмай.

Өлеңдегі образдар сонылығымен бірден көңіл аударады. Өмірдің құмар ойнап ұтылған саудагер сартқа теңелуі, «Мөңіреп жұртқа ой қайтты, Бұзауы өлген сиырдай» дерексіз нәрсені жанды бейнеге айналдырып, көз алдымызға келтіреді. Дегенмен үңіле түссек, өлең жолдары біртұтас құрылымға айналып кетпей, образдар өз алдына оқшауланып қалатындай әсер беретінін аңғару қиын емес. Өзара ұласып, бүтін көрініс жасаудың орнына жеке-жеке фрагменттер түрінде елес беріп өтеді. Яғни мәтін элементтері сыртқы форма жағынан өлшемге құрылғанмен, ішкі мағыналық арқауы босаң. Өз шығармаларын ауызша жырлағандықтан Дулат ақынға жазба әдебиеттің қатаң талаптарын қоя алмаймыз.

Әдебиеттер

1. Ахмет Байтұрсынов. Ақ жол. Алматы: Жалын, 1991.- 463 б.
2. Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Ғылым, 1999. - 581б.
3. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы: Санат, 1995.- 208 б.
4. Махмудов Х.Х. Русско-казахские лингвистические взаимосвязи. Алматы, 1989. -284 стр.
5. Сыздық Р. Абай және қазақтың ұлттық әдеби тілі. Алматы: Арыс, 2004. -616 б.